




Saғdam

№ 6
Ақпан 2016 ж

"Абылай хан" атындағы колледжінің ұжымдық басылымы

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫҢ КӘСІБИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН КОЛЛЕДЖДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТІ АРҚЫЛЫ ҮЗДІКСІЗ АРТТЫРЫП ОТЫРУ

Жақсы оқытушы — бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанаширлық танытатын қоғамның ең озық бөлігінің бірі болып есептеледі және солай болуға тиіс. Құзірет – дара тұлғаның бойындағы өзара байланысты сапалардың (білім, білік, дағды) жиынтығы. Колледждің оқу-әдістемелік жұмысы оқу ордамыздағы оқытушылардың кәсіби құзіреттілігін арттырып, өз мамандығы турасында біліктілігін жүйелі, сатылай дамытуға бағытталған. Оқу-әдістемелік жұмысымыздың мақсаты оқушылардың кәсіби қызметіне құнды нұсқау мен жетік ойлау қалыптастырып, рухани-адамгершілік мәдениетін жетілдіріп, сонымен қатар Қазақстандағы техникалық және кәсіби білімнің жаңа үлгісін енгізу жағдайында колледж оқытушысының кәсіби қызметін жанаширлық үрдістермен қамтамасыз ету болып табылады.

Жалғасы 2-бетте



2016 жылдың 24 ақпанында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Маржан сөз, қоңыр үн» атты концерт жүргізушілер байқауы болып өтті. Біздің колледж намысын қорғауға Қожабек Нұрдәулет пен Ермаханов Салауат бақ сынаған болатын. Өздерінің бар күш-қайраттарын салып, қаншама бәсекелестермен бірге сынға түсті. Облыс көлеміндегі іргелі оқу орындар, нақтырақ айтар болсақ 32 оқу орыннан 42 сайыскер қатысты. Әрине, еңбектері еш кеткен жоқ. Жүлделі үшінші орынды Қожабек Нұрдәулет иеленсе, ал Ермаханов Салауат жақсы өнер көрсеткені үшін марапатқа ие болды. Айтарлық, колледж директоры Р.К. Дүлдүл мырза да осындай белсенді студенттері үшін алғыс хатпен марапатталды.

Ұстаздың әдептілігі имиджінен жарқырап көрінеді.

Жалғасы 4-бетте

«Өмір және тіршілік»

Тұрғын халық үшін, қаладағы атмосфералық ластану үлкен қауіп тудырады, оның онкологиялық ауруларды тудызуы әбден мүмкін. Қала тұрғындарының жұқпалы аурулармен ауыру деңгейі ауыл тұрғындарына қарағанда екі есе көп болады, мысалы, қалаларда бронхит көп таралған.

Жалғасы 5-бетте



Жалғасы 3-бетте

Қызылорда облысының этникалық картасы



Жалғасы 6-бетте

ОБЛЫС ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ,

Кеңес Одағының ыдырауы мен тәуелсіздіктің ақ таңы атқан алғашқы жылдары елімізде этностық толқулар күшейді. Бұл аумалы-төкпелі уақыт туралы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Ғасырлар тоғысында» атты кітабында: «Ең қауіптісі — олар таза ұлттық сипат ала бастады. Ұлт мәселесінің соншалық асқындауы әуелі теориялық дәрменсіздіктен етек алды», — деп жазған еді ^[1]. XX ғасырдың соңында еліміздегі бұл үдерістер тек Кеңес мемлекетінде ғана емес, сонымен қатар, бүкіл әлемде орын алған ауқымды ұлттық оянуудың көріністері болатын. Осы ретте, Елбасы ел бірлігін басты назарда ұстай отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясын құруды қолға алды.

Елдегі қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту мақсатында 1995 жылы Елбасы Жарлығымен Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған еді. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы кеңесші орган болып табылатын бұл ұйымға биыл 21 жыл толып отыр.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫҢ КӘСІБИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН КОЛЛЕДЖДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТІ АРҚЫЛЫ ҮЗДІКСІЗ АРТТЫРЫП ОТЫРУ

Жақсы оқытушы — бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанаушылық танытатын қоғамның ең озық бөлігінің бірі болып есептеледі және солай болуға тиіс. Құзірет – дара тұлғаның бойындағы өзара байланысты сапалардың (білім, білік, дағды) жиынтығы. Колледждің оқу-әдістемелік жұмысы оқу ордамыздағы оқытушылардың кәсіби құзіреттілігін арттырып, өз мамандығы турасында біліктілігін жүйелі, сатылай дамытуға бағытталған. Оқу-әдістемелік жұмысымыздың мақсаты оқытушылардың кәсіби қызметіне құнды нұсқау мен жетік ойлау қалыптастырып, рухани-адамгершілік мәдениетін жетілдіріп, сонымен қатар Қазақстандағы техникалық және кәсіби білімнің жаңа үлгісін енгізу жағдайында колледж оқытушысының кәсіби қызметін жаңашылдық үрдістермен қамтамасыз ету болып табылады.

Оқу-әдістемелік жұмыс колледж жұмысының барлық жүйесін тұтастандырады және оқытушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың, олардың кәсіби деңгейін көтерудің маңызды құралы болып табылады, оқытушылардың уақытша шығармашылық топтарға, аттестаттауға, шығармашылық есеп беруді өткізуге қатысу арқылы өздік білім алумен айналысу қажеттілігін қалыптастырады. Олар келесі қызмет түрлері арқылы іске асырылады:

1. оқытушылардың ПӘК отырыстарында өзіндік білім алу тақырыбы бойынша сөз сөйлеуі;
 2. маңызды тақырыптар қозғалатын педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес жұмыстарына белсенді қатысу;
 3. жалпы білімдік пәндер оқытушылары үшін педагогикалық оқулар өткізу;
 4. арнайы пәндер оқытушылары үшін шеберліктерін өткізу;
 5. ашық сабақтар өткізу;
 6. әдістемелік әзірлемелер, авторлық бағдарламалар (өзі немесе өзгемен бірлесе) құрастыру;
 7. «Үздік ПОӘК», «Үздік портфолио», «Үздік кабинет», «Үздік ЦКТ» немесе көрме-байқауларға қатысуы арқылы;
 8. оқытушының рейтингін анықтау және оны есептеуге қатысу;
 9. оқытушылардың сабақтарына өзара қатысуы;
 10. басқа білім мекемелерімен ынтымақтастықта болу;
 11. оқытушының жетекшілігімен оқушының аймақтық, облыстық, республикалық түрлі сайыстардағы (конференция, пәндік жарыстар, т.с.с.) жетістігі және оқытушының өзінің де оқытушылар арасында өткізілетін сайыстардағы жетістіктері (семинар, педагогикалық оқуларға дайындалған жобалар, баяндамалар, т.с.с.);
 12. біліктілік курстарынан өту, тәжірибелерін өз әріптестерімен бөлісу (семинар, тренингтер ұйымдастыру);
 13. білім алу кеңістігінде интеграциялық үрдістің терең қанат жанауына қарай оқытушының замана ағысынан кешеуілдемеуі, соған сай өзіндік әрекет етуі
- («Үштұғырлы тіл» мәдени жобасына сай тіл меңгеруі, т.с.с.);

Қазіргі болмыстың шынайы жағдайлары колледж тұлғаларынан жоғары әлеуметтік икемділікті, жан-жақтылықты, өзінің кәсіби деңгейін жоғарғы дәрежеде ұстап, білімі мен білігін үнемі көтеріп отыруға талпынуды, өздігінен жетілуді, өзгерістерге жедел психологиялық бейімделуді, алған жауапкершілік пен құзырлықты дұрыс қолдана білуін талап етеді. Айтылғандарды ескеріп, колледждің оқу-әдістемелік жұмысы білім үдерісінің сапасын көтеруді және колледж ұжымының алдында тұрған басқа міндеттерді жүзеге асыру бойынша жұмыстарды талап ететін, білімді модернизациялау жағдайын дамытуды қамтамасыз етудің маңызды шарты ретінде оқытушының кәсіби құзіреттілігін жетілдіруге бағытталды. Бұл бағыттар:

1. педагогикалық қызметте жаңа ақпараттық технологияларды қолдану;
2. білім алушылардың оқу мен өз-өздерін дамыту қажеттіліктерін қалыптастыру;
3. білім алушылардың қабілеттері мен шығармашылық әлеуеттерінің ашылуы және артуы үшін жағдай жасау (үйірме, оқытушымен бірлесе ғылыми-зерттеу жұмыстары),

мәдениеті мен өнегелілігін дамыту (түрлі іс-шараларға бейімдеу), талантты білім алушыларды айқындау;

4. білім алушылардың шығармашылық жетістіктерін түрлі қызметте тиімді қолдану үшін жағдай жасау;
5. оқу кезінде шығармашылық әлеуетін іске асыруға мүмкіндік беретін білім алушылардың жалпыхармашылық және жеке қасиеттерін айқындау және дамыту;
6. білім алушылардың шығармашылық саладағы белсенділіктері мен жетістіктерін айқындау, қолдау бойынша жүйелі жұмысты ұйымдастыру;
7. білім алушылардың өзін көрсетуіне, өз мүмкіндіктерін іске асыруына және қоғамда лайықты мойындатылуына мүмкіндік беру.

Колледждің оқу-әдістемелік қызметінің алдына қойған міндеттерін колледждің әдістемелік кеңесі шешіп отырады.

Пәндік әдістемелік комиссиялардың еңбегі нәтижелерінің диагностикасын, колледж оқытушыларын ынталандыру және педагогикалық шеберліктерін жетілдіру үрдісін іске асыру үшін оқытушылар мен ЦКТ қызметін рейтингтік бағалау оқу жылының аяғында өткізіледі. Жоғары балл жинаған оқытушы мен ЦКТ-сы «Үздік оқытушы», «Үздік ЦКТ» болып табылады және марапатталады.

ЦКТ жұмысының рейтингі оқу жылының қорытындысы бойынша есептеледі және 10 өлшеуіштен тұрады:

1. ПӘК төрағаларының оқытушылармен жұмысының нәтижелілігі.
2. ПӘК-ның құжаттамасының сапасы мен нәтижелілігі бағаланады.
3. Мамандыққа сәйкес кабинеттер мен зертханалардың жабдықталуы.
4. Мектептермен шығармашылық, мәдени байланыс.
5. Оқушылар мен оқытушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру.
6. Ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік мақалалар
7. Семинар, конференциялар өткізу.
8. Оқу құралы, оқулық, әдістемелік құралдар шығару.
9. Біліктілік курстарынан өту.
10. ЦКТ-ның жұмыс беруші мекемелермен байланыс (балалардың тәжірибеден өтуіне, дуальды оқыту жүйесіне байланысты).

Оқытушы жұмысының рейтингі де семестр сайын оқу жылында екі реттен қорытындысы бойынша есептеледі және ол 8 өлшеуіштен тұрады:

1. өзі сабақ беретін пән бойынша сабақтан тыс әрекетінің жағымды нәтижелері;
2. жаңаша білім беру технологияларын пайдалану;
3. өзінің педагогикалық тәжірибесін жалпылау және тарату;
4. тәрбие жұмысы бойынша мұғалімнің еңбегін бағалау;
5. кәсіби сайыстарға қатысу;
6. оқытушының атқарушылық тәртібін бағалау;
7. оқытушының біліктілік көтеруі;
8. оқытушының санатын көтеруі;

Мәліметтер жиынтық кестеге енгізіліп, диаграмма құрылады және колледж оқытушыларының кәсіптік біліктілігін әрі қарай дамыту үшін нәтижелер педагогикалық, әдістемелік кеңесте талданады. Колледж оқытушыларының бұқаралық ақпарат құралдарына, жинақ кітаптарға ұсынатын шығармашылық еңбектері міндетті түрде колледж директорының оқу, оқу-әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасарлары назарларына көрсетілгеннен кейін жіберілуі міндетті. Сөйтіп, әзірленген оқытушының оқу(ғылыми)-әдістемелік жұмысын рейтингтік бағалау әдісі оқытушының кәсіби өсуіне жан-жақты мүмкіндік береді. Аталмыш жұмыстар нәтижесінде білім алушылардың оқу сапасын көтеруге мүмкіндік туғыздыратын колледж оқытушыларының кәсіби құзіреттілік деңгейі қалыптасады. Қорытындылай келе, мамандарды даярлау сапасы тікелей оқытушының кәсіби құзіреттілігіне, біліктілік пен кәсіби тәжірибе негізінде қалыптасатын қабілеті мен дайындығында көрсетілетін тұлғаның сипатына байланысты деуге болады. Колледждің педагогикалық ұжымы үздік дәстүрлерді сақтай отырып, бәсекелестікке қабілетті мамандарды даярлаудың жаңа нысандары мен жолдарын іздейді, оқу үрдісінің сапасын көтеруге бағытталған қарқынды жұмыс істейді, сол себептен білім алушылардың кәсіби дайындығының сапасын, дамуын, білімі мен тәрбиелік деңгейін көтеруге үлкен ықпал жасайтын оқу-әдістемелік жұмысының үнемі дамып, жетілуін қажет деп санайды.

Н.А.Ізбасқанов, «Абылай хан» атындағы колледж директорының оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары

ИНТЕРАКТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯ ӘДІСІ

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын толық меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Бұл технологияның өзін оқытушы түрліше (орташа дәрежеде, ұқыпты, дәл нұсқау бойынша немесе шығармашылықпен) іске асыруы мүмкін. Бұл жерде технологияны жүзеге асырушының тұлғалық компоненті, белгілі бір ерекшеліктері елеулі түрде әсер етеді, сонымен бірге студенттің әрекеті – оның қабылдауы, ынтасы, құштарлығы негізгі рөл атқарады. Бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа технологиялар пайдалану тәжірибелеріне еніп, нәтижелер беруде. Әсіресе, технологиялық бірліктердің арнайы жүйесі, олар педагогикалық нәтижеге бағытталған және оқытудың жаңа технологияларын мемлекеттік стандартқа және білімдік өзгерістерге қарай топтастыруға болады. Педагогикалық технология негізінде оқу циклін қайта жаңарту идеясы алынған. Оның мазмұнына: 1) оқытудың жалпы мақсатын қою; 2) жалпы құрылған мақсатты нақтыландыруға көшу; 3) студенттердің білім деңгейін алдын ала (диагностикалық) бағалау; 4) оқу әрекеттерінің жиынтығы (бұл кезде жедел кері байланыс негізінде түзету жүргізілуі тиіс); 5) нәтижені бағалау енеді. Жаңа оқыту технологиясы, тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық үрдістерді: яғни, жадының (ес) алуан түрлерін – есту, көру, кимыл және т.б. ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, сондай-ақ тұлғаның қауіпсіздігін, өзін-өзі өзектілендіру, өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас, ойын, танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, белсенді сөздік қорын (ауызша және жазбаша тілінде) дамытуға бағытталуы. Интерактивті оқытудың басты мақсаты – білім алушыларды өз бетінше ой қорытып, жауап таба білуге үйрету. Еліміз дамудың демократикалық жолын таңдап алған қазіргі заманда жастарды өз бетінше шешім таба білуге үйрету заңды құбылыс. Бұл күнделікті аудиториядағы жұмыстарға да қатысты: студент сабақ кезінде мейлінше белсенділік танытуы тиіс. Осындай, білім алушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік жасайтын әдістемелік амалдың бірі интерактивті әдіс болып табылады. Интерактивті әдіс кезінде: - сабақ үстінде білім алушылар мен оқытушылар арасында тығыз қарым-қатынас орнайды. Ондай қарым-қатынас білім алушылар әлдебір мәселені талқылап, соның шешімін табуға тырысқан кезде қалыптасады; Онда білім алушылардың жауабынан гөрі мәселенің шешімін табуға талпынғаны маңызды болады. Себебі интерактивті оқытудың басты мақсатының өзі сол - білім алушыларды өз бетінше ой қорытып, жауап табуға үйрету. Интерактивті әдістеме өзара қарым-қатынастың мол ауқымын қамтиды. Мұнда студенттердің бұған дейін алған өмірлік тәжірибелері білім берудің негізгі көзі болып табылады. Бұл әдісте білім алушы мыналармен қарым-қатынасқа түседі: 1) оқытушымен (сұраққа жауап берген кезде); 2) өзге балалармен (қосақталып жұмыс жасаған кезде); 3) шағын топтармен (топпен жұмыс жасаған кезде); 4) белгілі бір топпен, аудиториямен (сауалнама алғанда) 5) кейбір техника түрлерімен (компьютермен интернетке шыққанда т.б.). Интерактивті әдістің ерекшелігі – студент өзгелермен араласу барысында ашыла түседі, көбірек оқып, тәжірибе жинай білуі керек. Тәжірибе интеллектуалдық тәуелсіздіктің негізі болып табылады және барлық өркениетті азаматтың қажетті құралы десек те болады. Интерактивті әдістеме білім алушылардың мынадай мақсаттарына жетуге мүмкіндік береді: 1) олар мол мағлұмат алып, өздері айтқан пікірге логикалық түсініктеме беруге жол ашады; 2) өз пікірлерін терең ойланып айта алатын болады; 3) мәселені талқылаған кезде бұған дейін алған, тәжірибеде жинақтаған білім қорын пайдалана алады; 4) бір-бірінен жаңа мағлұматтар ала отырып, білімін толықтыра алады; 5) шындыққа көз жетуі үшін дәлел іздеп, ойын анықтап көрсете алады; Интерактивті әдісте таным қабілеттерінің мынадай түрлері қолданылады: 1) фактілерді еске алу; 2) ойлану; 3) алған білімін жаңа жағдайға пайдалану; 4) талдап, синтездеп үйрену (бір ортақ шешімге жету үшін, барлық идеяларды біріктіру); 5) баға беру (сапасын анықтау). Бұл әдіс осылай жастарды жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына жол ашады. Бұл ретте ең алдымен оқытудың формалары мен түрлерін, әдістерін түрлендіріп, жаңартып отыру, білім беру ісін технологияландыру (озық техникаларды мысалы: ғаламторды, интерактивті тақтаны, электронды оқулықтарды т.б. пайдалану) керек. Интерактивтік оқыту технологиясы:

1.жұптасып жұмыс істеу; 2.ротациялық (ауыспалы) үштік; 3.карусель; 4.шағын топтармен жұмыс; 5.рөльдік (іскерлік) ойын; 6.дискуссия; 7.дебат т.б. Интерактивтік оқыту – бұл ең алдымен студент пен оқытушының қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұқбаттасып оқыту болып табылады. Интерактивтік оқыту – бұл танымдық әрекеттің арнайы ұйымдастыру формасы. Ол толық айқындалған және мақсатын алдын ала болжауға болатын оқыту түрі. Сабақтағы интерактивтік әрекет өзара түсіністікке, өзара әрекетке, қатысушылардың әрқайсысына қажет міндетті бірлесіп шешуге алып келетін – ұйымдастыру және қарым-қатынас жасауды дамытуды ұсынады. Интерактивтік оқыту нәтижесінде оқу әрекеті барысында олардың өзара мотивациялық, интеллектуалдық, эмоционалдық және басқа да жақтарынан жетістіктерге жетуді сезіну ситуациясын тудыра алатын, студентке педагогикалық әсерлі танымдық қарым-қатынас құруға кепілдік беретін, оқытушы мен студенттің іс-әрекетін оқу ойындары түрінде ұйымдастыруға болатынын айтқым келеді. Оқытудың интерактивті әдістерінің артықшылығы *тұлғаның қызығушылығын туғызады; *әрқайсысының оқу процесіне қатысу белсенділігін кеңейтеді; *әрбір тұлғаның сезіміне назар аударады; *оқу материалдарын тиімді меңгеруге бейімдейді; *тұлғаға көпжоспарлы әрекет етуге әсер етеді; *тұлғаның пікірлері мен қарым-қатынастарын қалыптастырады; *мінез-құлықтың өзгеруіне көмектеседі. Интерактивті әдіс әр адамды білім алудың барлық кезеңдерінде белсенді жағдайға қояды, білім алу үрдісін мәнді етеді. Қорыта айтқанда, әр технологияны қолдану арқылы белгілі бір жетістіктерге жете аламыз. Болашақ ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында білім беру жүйесін ізгілендіру, инновациялық үрдісте тиімді қолдану қазіргі заман талабы.

**Жансугирова Г.О. – техника ғылымдарының магистрі,
Абылай хан атындағы колледж директорының оқу жұмыстары жөніндегі орынбасары.**



Ұстаздың әдептілігі имиджінен жарқырап көрінеді.

Тартымды имидж:

- Айналасындағы адамдардың көңілін аулау кепілі;
- Кез келген жұмыста жетістікке жетудің негізгі шарты.

Егер оқушылар мұғалімнің жеке тұлғасына қызықпаса пәнге деген қызығушылығы да болмайды деген байламға келуге болады. Себебі, баланың өмірінің жартысы оларға білім ғана беріп қоймай, сонымен қатар оларды тәрбиелейтін және жеке тұлға ретінде қалыптастыратын мектепте өтеді. Әлеуметтік және балалық шақтан алған әсерлер мен тәжірибелер үлкен өмірге өтуіне әсер етеді. Мұғалімнің жеке басы оқушының жеке тұлға болып қалыптасуына көмектеседі. Ақпараттың басым бөлігін біз көру арқылы аламыз, сондықтан да біздің тартымды бейнеміз өте маңызды. Оған ұқыптылық, іскерлік стиль, мәнер, әдеп, күлкі жатады. Ұстаз өзін қалай көреді және оны оқушылары қалай елестетеді? Ұжым әкімшілігі мен оқушылар сыйлау үшін және іс оңға басу үшін не істеу керек? Бар мәселе имиджде. Басқа мамандық иелеріне қарағанда мұғалім мамандығы ерекше, ол әрдайым үлкен аудитория ішінде және көпшілік көз алдында. Сонымен имидж – сіздің бойыңыздағы талантыңыздың жарқырап ашылуы, өзіңіз туралы жақсы пікір қалыптастыру жолы. Әлемдік өркениеттің стандарттарын ұсынатын американдық психологтардың пікірінше, тамаша табыс феномені – адамның имиджі мен оның карьерасымен тікелей сабақтас. Егер олай болмаса, қолдан жасалған имидждің көмегі тимесі анық. Сондықтан да кәсіби мамандығын жан-жақты меңгерген педагог қана жоғары бағаланып, әріптестері мен шәкірттерінің ыстық ықыласына бөленбек. Ал педагог имиджі мен педагог әдебі деген ұғым бір-бірімен егіз, бөліп жарып ажыратып айтуға болмайтын ұғым ба дерсің. Сонымен, педагогтық әдеп дегеніміздің өзі не екеніне көңіл аударайық. “Әдеп” (такт) сөзі (латынша – *taktus*) “жұғысу”, “адам ара қатынасының түрі” мағынасында қолданылады. Әдеп – адамдардың өзара жақсы қарым-қатынас жасауына қажетті жағдай. Әдепті адамдарға басқаларға барынша жақсылық жасауды, қуаныш әкелуді тілеп тұру тән. Басқа адамдармен қарым-қатынаста әдепті адам сақ та сергек. Ол өзін ұжымда оған сөзімен, жеңілтек мінезімен ешкімнің көңіл-күйін бұзбауға тырысады. Қайсыбір арсы-гүрсі мінезді мұғалімдер қайдағы бір орынсыз әзіл, тұрпайы тұспал, естіген құлаққа ерсі сөздермен шәкірттерінің жанды жеріне тиеді. Ондай мұғалімдерді оқушылардың суканы сүймейді. Олар өз әріптестерімен де сыйыспайды. Ондайлармен тіл табысу өте қиын. Мұғалім мен оқытушы арасында болатын қатынаста педагогикалық тактінің маңызы зор. Педагог этикасында бұл ұғым тәрбиеші мен тәрбиеленушінің арақатынастарын белгілейді. Мұғалімнің педагогикалық әдебі болмайынша ол өз пәнін қанша терең білгенімен, тіпті тәрбиелік жұмыста алуан – түрлі, әдіс-тәсілдерді меңгергенімен, өзінің алдына қойған – жас ұрпаққа жан-жақты тәрбие беру мақсатына жете алмайды. Педагогикалық әдептің психологиялық мәні бар екендігін атап кеткен жөн. Жеке адам басқа адамдармен, сондай-ақ жас ұрпақпен қарым-қатынас жасағанда, мол өзінің индивидуалдық өмір тәжірибесін, адамдар арасындағы қандай нормалар арқылы жүзеге асатындығын нақтылы көрсетуге тырысады. Өйткені педагогикалық такт, басқа этикалық ұғымдар сияқты, белгілі бір құрылымнан – өзіне тән ерекше құрамдас мүшелерден тұрады. Солардың ішіндегі ең негізділері: оқушыларға педагогикалық әсер етудегі мөлшерді сақтау мәселесі, ұстаздық ықпалдың нәтижелілігі, жеке адамның рухани дүниесін түсіне білуі, жас буынның ұнамды қасиетін тани біліп, оны бүкіл адамгершілік мінез-құлықты қалыптастыруға пайдалануға қабілеттілігі. Демек педагогикалық әдеп – мұғалімнің ең басты моралдық қасиеттерінің бірі, онсыз ол ұстаздық ете алмайды. Әдепті сақтамаған адамдар біреуге жақсылық жасап отырып та, оның жанын жарақаттауы да мүмкін. Білім алушыларды оқыту тәрбиелеу ісінде жалпы әдеп атаулыны педагогикаға кіріктіріп пайдаланудың өзі педагогтық әдеп болып есептеледі. Әдетте, әдепті адамдарды олардың кішіпейілділік, басқаны түсіне білушілік, жылы шырайылылық, тапқырлық, елгезектік, өзгенің пікіріне құлақ асушылық, ұстамдылық, байсалдылық, әзілкештік сияқты мінез-құлық белгілеріне қарап тануға болады екен. Мұндай айрықша белгілер әдепті мұғалімнің бойында да болуы тиіс. Әдепті мұғалім ересек адамдармен қалай сыпайы және ілтипатпен сөйлесе, оқушылармен де, тек ересектерден гөрі сақ және ықыласпен сөйлесуі керек. Біз мұны әлде де баса айтқымыз келеді, өйткені, әлдекімдердің ойынша әр адамның өзін ересектердің арасында ұстауы.

Абылай хан атындағы колледжінің психологы : Ержанова Э.А

Әдет пен әдеп

- 1.Тым күлегеш болмаңыз. Қаншалықты қызықты оқиға болса да тек жымып қоюға үйренгеніңіз дұрыс. Кейде сыңғырлай күлген күлкіде әсерлі естілетіні бар.
- 2.Қыздарға тым өркөкірек, өзімшіл болудың қажеті жоқ. «Көн етіктің менсінбей, көк етікті кезікпей» жүргенде, кәрі қыз атанып қалуыңыз гажап емес. Ең жақсы мінез кішіпейілдік пен мейірімділік.
- 3.Үлкен кісілердің алдынан кесіп өтпеңіз. Бұл әдепсіздік болып саналатынын ескеріңіз. Сондай-ақ кісі алдында есінеп отыру нағыз ұят нәрсе.
- 4.Жігіттерге алғашқы кездесуден-ақ ақтарыла сыр шертуге асықпаңыз. Алдымен жігіт сырын біліп алуға құштарлық танытыңыз. Сонда ғана жігіт жүрегіне жол табар құпия кілт қолыңызға түседі.
- 5.Адамдар бар жерде келіп, созылмаңыз. Ол әдепсіздіктің бір түрі, көрген адам сіз туралы бір түрлі ой қалыптастыруы мүмкін. Сондықтан да өзіңізді барынша әдепті, әрі мәдениетті ұстауға тырысыңыз.
- 6.Ашық-шашық және тұрпайы киінбеңіз. Киім киюдің де өзінің мәдениеті бар екенін үнемі естен шығармаңыз. Өзіңізге ыңғайлы етіп, әрі таза киінуді әдетке айналдырыңыз.

Тіршілік Ғалам ғажайыптары

Жер шарының керемет көріністері.

Әлем-тылсым құпияға толы. Соңғы ширек ғасырдан бері адамзат баласы ойлап тапқан алып телескоп жер шарының айналасын зерттеп келеді. Осының нәтижесінде біздің ғаламшардың құпиясына баланған талай көрініс баға жетпес жауһарға айналды. Аталмыш телескопты қарапайым адамдар байқай алмайды. Олай дейтініміз, оны байқау үшін арнайы телескоп арқылы ғана көруге болады. Осынау телескопты ғалымдар ойлап тауып, бүгінде сол туралы түрлі зерттеулер жүргізілуде.

«Өмір және тіршілік»



Тұрғын халық үшін, қаладағы атмосфералық ластану үлкен қауіп туғызады, оның онкологиялық ауруларды туғызуы әбден мүмкін. Қала тұрғындарының жұқпалы аурулармен ауыру деңгейі ауыл тұрғындарына қарағанда екі есе көп болады, мысалы, қалаларда бронхит көп таралған. Қалаларда өндірістік кәсіпорындарының көптеп шоғырлануы және көшелердегі автокөліктердің өте жылдам өсуі қала халқының денсаулығына үлкен қауіп туғызуда. Осындай қоршаған ортаның ластануына үлкен үлес қосатын зиянды экологиялық факторларға тұрмыстық және кәсіпорындардың шығарындылары мен қалдықтар, қаладағы шу деңгейінің артуы жатады. Өндірістік және тұтынылған қалдықтар атмосфералық ауаны, жер асты және жер беті суларын, топырақ пен өсімдіктерді ластанудың көзі болып табылады. Қалдықтар қатты, сұйық және сирегірек, газ тәрізді күйлерде кездеседі. *Тұрмыстық қалдықтар* үй тұрмысы жағдайында болатын, қатты заттардан (пластмасса, қағаз, отын күлі және шыны, құрылыс материалдары және т.б.) және тамақ қалдықтарынан тұрады. Олардың көлемі жылыту жүйелерінде пайдаланылған отынға, қаланың жабдықталу деңгейіне, қоғамдық тамақтандыру жүйесінің дамуына, құрылыс индустриясына, жергілікті климатқа байланысты. Орташа есеппен қаланың бір тұрғыны үшін 200 кг қалдықтар жинақталады деп есептеледі, бірақ бұл қалдық көлемінің көрсетілген шамадан аз не көп болуы мүмкін. *Өнеркәсіптік* (өндірістік) қалдықтарға қала аймағындағы

өнімдерді өндіру кезіндегі және өзінің бастапқы тұтынушылық қасиеттерін жойған шикізаттардың, материалдардың, жартылай фабрикаттардың қалдықтары жатады. Олар да қатты (металдар, пластмасса, ағаш және т.б.), сұйық (өндірістік ағын сулар, пайдаланылған органикалық еріткіштер және т.б.) және газ күйінде (өндірістік пештер мен автокөліктердің шығарындылары) кездеседі. Бұл қалдықтар көму полигондарына, олар жетіспеген жағдайда қоқыс тастайтын жерлерге тасталады. Қауіпті қалдықтарға құрамында улы, жанғыш, жарылғыш және жұқпалы аурулар туғызатын заттары бар қоқыстар жатады. Сонымен қазіргі кезеңде үлкен қалалардан шыққан қалдықтарды жинау, көму және оларды қайта өңдейтін заводтар салу үлкен проблемаға айналып отыр. Әрбір адам өзінің үйінде өмірінің көп бөлігін өткізеді, сондықтан онда ұзақ және бақытты өмір сүруі үшін, қоршаған ортаның зиянды факторларының әсеріне ұшырамауға мүмкіндік беретін бірқатар талаптар мен ережелерді орындауы қажет. Сондай қолайсыз факторлар кейбір аурулардың пайда болуына немесе олардың әрі қарай дамуына жағдай жасайды. Дүниеде “ауру үйлер синдромы” деген ұғым белгілі. Эксперттердің бағалауынша, бұндай синдромды АҚШ-тағы үй құрылысының 20-дан 30-ға дейінгі пайызы тудырады екен. Оның басты себебі, үй бөлмелерінің ішкі климатының дұрыс болмауы. Ең алдымен, ол ауа сапасының төмен болуына байланысты. Экологтардың көрсетуінше, үй ішіндегі ауа сырттағы ауамен салыстырғанда 4-6 есе ластанған және 8-10 есе уытты болады екен. Тек үйдің ішінде біз күн сайын 3 миллиард шаң тозаңын, яғни 1 ас қасыққа жуық шанды жұтады екенбіз. Сыртпен салыстырғанда, ластану деңгейі 100 есе көп болатын үй-жайлар да бар екен. Үй жағдайында біздің жұтатын ауа, көп жағдайда химиялық ластанған болып шығады. Үй бөлмелеріндегі ауаның ластану көздерінің 80%-на сол үйді салуда пайдаланылған құрылыс және өңдеуге қажетті материалдары жатады. Тұрғын үй бөлмелерінің ішіндегі ауа құрамында бір мезгілде болатын эфир, спирт және басқа органикалық қосылыстар саны 100 ден асады. Сонымен бірге, олардың қатарында қорғасын, сынап, кадмий, мырыш, никель, хром және басқа металдардың элементтері бар аэрозолдар кездеседі. Бөлменің ішіндегі өңдеу жұмыстарында, көбінесе, адам денсаулығына қауіпсіз саналмайтын ағаш-жаңқалардан жасалған плита (ДСП) мен линолеум пайдаланылады. Линолеум бұрын табиғи материалдар негізінде дайындалатын еді. Қазір ол оншақты компоненттердің қосылысы, олардың көбісі синтетикалық болып табылады. Қазіргі линолеум өндірісінің технологиясы жақсартылған, дегенмен ондағы мастикалар ластанудың көзі болып табылады. Линолеумді пайдаланудағы зиянды факторлардың бірі – статикалық электр тогы болып табылады. Линолеумның жаңа маркаларында онымен күресу үшін арнаулы антистатиктер пайдаланылады. Фенол адамды әлсіздікке келтіріп, тез шаршатады, ашушаң етіп, ұйқы мен ас қорытуын бұзады, тахикардия мен демікпеге әкеледі. Формальдегид адамның көзі, өкпесі мен терісінің шырышты қабықшасын тітіркендіреді, ол жиі тымауға, бронхитке ұшыратады, бас айналу мен аллергиялық реакциялар туғызады, иісті сезу және көру қабілеттерін төмендетеді, нерв және репродуктивті жүйелерін бұзады. Бір сөзбен айтқанда, олар шын мәнісінде қауіпті екен. Плиталардағы ағаш жаңқаларын байланыстыратын смолалардың құрамындағы зиянды формальдегидтің бөлмедегі рұқсат етілген концентрациясы 0,012%, сондықтан бір адамға 60-80м³ көлем онтайлы болып саналады. Көп қабатты үйлердің адам ағзасына тигізетін әсері ерекше алаңдаушылық туғызады. Мұндай үйлер көбінесе, экологиялық ең қауіпті материалдардан -бетондардан, блок конструкцияларынан салынады. Бұл үйлерде ауа алмасу тұрақты емес, вентиляция жеткіліксіз, жоғарғы және төменгі қабаттардағы бөлмелердің жылуы біркелкі емес және сыртқы ортадан келетін ластану концентрациясы жоғары болады. Кейбір авторлардың көрсетуінше, көп қабатты ғимараттар табиғи ортаның өте күшті антропогендік ластану көзі болып табылады. Мұндай үйлердегі ауаның ластануы атмосфералық ауаның ластануынан 2-4 есе жоғары болады. Кірпіштен салынған үйдің қабырғасының қалыңдығы 10 см болғанда, оның ішіндегі озонның концентрациясы сырттағы ауамен салыстырғанда 60 - 95 есе, ал темірбетонды үйлерде – 250 есе азаяды екен. Адамға тұрақты түрде вибрация, дыбыстар, күн сәулесі, электромагниттік өрістер, радиация сияқты әртүрлі физикалық факторлар әсер етеді. Мысалы, статикалық электр өрістері жүйке, жүрек-тамыр, эндокринді жүйелердің функциональдық өзгерістерін, кейбір алмасу процестердің бұзылуын, адам ағзасының иммунологиялық және оның қайта өндіргіш функциясының төмендеуін туғызады. Электр өрісі кернеулігінің шекті рұқсат етілген деңгейі:

-тұрғын үйлер ішінде - 0,5 кВ/м;

-құрылыс зонасы аймағында – 1 кВ/м.

Демек, электр өрісі кернеулігі 1кВ/м-ден жоғары болғанда адамға сезілетін раз-рядтар мен ағу тогының әсер етуін болдырмайтын шаралар қолданылуы керек. Бөлмелердегі заттар мен жиһаздың дұрыс орналасуы ауаның қажетті айналыс жасауына мүмкіндік келтіреді, олай болмаған жағдайда бөлмедегі ауа айналымы бұзылып, оның өзі ылғалдылықтың және зиянды үй жәндіктерінің пайда болуына әкеледі. Бөлмелердегі шаң мөлшерінің көбеюі аллергиялық ауруларды туғызады. Бөлмелердің жайлылығының ойдағыдай болуына жарықталынудың әсері мол. Жарықталынудың жеткіліксіздігі адамның көруіне зиянды әсерін тигізіп, жалпы жұмыс істеу қабілетін төмендетеді және шаршатады. Сондықтан бөлменің жарықталынуы көру анализаторының физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес болуы керек. Дұрыс жарықталыну біздің көзімізді қорғайды, яғни көру жайлылығын туғызады. Жеткілікті емес жарықталыну, көру кернеулігін арттырады, ал қатты жарық көзді шаршатады және ауыртады. Әртүрлі жұмыс жасауға әртүрлі жарықталыну көзі қажет, сондықтан жалпы жарықталынумен қатар арнаулы (торшер, бра, стол лампы және т.б.) жарықталыну қажет болады. Демек, жарық – маңызды экологиялық фактор. Қорыта келгенде, жеке салынған үй болсын, көп қабаттағы пәтер болсын, осы жоғарыдағы айтылған экологиялық ахуалға әсер ететін мәселелерді ойда ұстап, талапқа сай жасауға ұмтылу керек.

Абылай хан» атындағы колледжінің физика пәнінің оқытушысы Абиева Ж.Е.

Құрылыс кранындағы қонақ үй

Голландия астанасы-Амстердам қаласының сәулетшісі 50 метрлік және 350 тонналық құрылыс кранын қайта жөндеу арқылы жып-жинақы қонақ үй жасап шығарды. Қонақ үйдің әрбір бөлмесі өте ыңғайлы етіп орналастырылған. Ондағы 25 шаршы метр бөлмеде тұру үшін әрбір келуші 50 доллардан ақша шығындайды. Бұл орын жұртшылықты қызықтырып отыр. Оған ынта білдірген адамдар қатары күннен-күнге артып келеді. Қонақ үйдің ыңғайлылығы мен биіктігіне қызығушылықтары артқан қала тұрғындары мен қонақтары ризашылықтарын білдіріп жатады екен.

ОБЛЫС ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

«Қиындық атаулыны жеңетін бір-ақ күш бар, ол – бірлік, ендеше жерінді қорғау үшін бірлік қаншалықты қажет болса, тәуелсіздік жемістерін, бүгінгі қол жеткізген табыстарымызды сақтап қалу үшін ол сондай қажет,» - деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың айтқан сөзі, дамып келе жатқан Қазақстан жерінде 140 ұлт өкілдерінің ынтымақтастығы, еліміздің өсіп-өркендеуі, берекесінің тасуы осы бірлікпен тығыз байланысты. Кеңес Одағының ыдырауы мен тәуелсіздіктің ақ таңы атқан алғашқы жылдары елімізде этностық толқулар күшейді. Бұл аумалы-төкпелі уақыт туралы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Ғасырлар тоғысында» атты кітабында: «Ең қауіптісі — олар таза ұлттық сипат ала бастады. Ұлт мәселесінің соншалық асқындауы әуелі теориялық дәрменсіздіктен етек алды», — деп жазған еді^[1]. XX ғасырдың соңында еліміздегі бұл үдерістер тек Кеңес мемлекетінде ғана емес, сонымен қатар, бүкіл әлемде орын алған ауқымды ұлттық оянуының көріністері болатын. Осы ретте, Елбасы ел бірлігін басты назарда ұстай отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясын құруды қолға алды. Елдегі қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту мақсатында 1995 жылы Елбасы Жарлығымен Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған еді. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы кеңесші орган болып табылатын бұл ұйымға биыл 21 жыл толып отыр. Жаңадан құрылған, тәуелсіз, полиэтносты, поликонфессиялық мемлекеттің тұрақты дамуы барысында Н.Ә.Назарбаевтың этносаралық толеранттылық және қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі қалыптасты. Осы жылдар ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясының институционалдық құрылымы нығайып, қоғамды ұйыстырушы әлеуеті толысты, ол халық дипломатиясының маңызды күретауына айналды. Бүгінде Ассамблея ел Президенті Төрағалық ететін конституциялық орган болып табылады. Бұл оның ерекше мәртебесін айқындайды. [1] Ассамблея мәдени-ағартушылық - тілдер мен ұлттық мәдениеттерді, салт-дәстүрлерді қайта жаңғырту және насихаттау, тәрбиелік - қазақстандық және ұлттық отан сүйгіштікті қалыптастыру, ұлтаралық қатынастарды қадағалау негізінде ұлтаралық татулық пен келісімді нығайту ісімен айналысады. Сонымен қатар Қазақстанды мекен еткен ұлт өкілдері арасында достық қарым-қатынастардың дамуына негіз болатын мемлекеттік саясат жүргізу жөнінде ұсыныстар дайындайды. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстан халқы Ассамблеясы қасиетті қазақ жерін татулықтың талбесігі етіп, бейбітшілікке бөлеген, ел тәуелсіздігінің ең жауапты кезеңінде бірлігіміздің бастауы болды. Осы аралықта ол өзінің өміршеңдігін көрсетіп, біздің бейбіт қоғамның ажырамас бөлігіне айналды. Елдіктің өлшемі, тұрақтылықтың тұтқасы болды. Кезінде тағдырдың жазуымен қасиетті қазақ даласына сан түрлі ұлт өкілдері қоныс тепкен еді. Бүгінде олар тегі басқа болғанмен, теңдігі бір, қаны бөлек болғанмен жаны бір, арманы ортақ біртұтас халыққа айналды», - деген болатын. Сыр елі тұрғындарының ұлттық ерекшеліктеріне байланысты, өңірде түрлі саланы дамыту қолайлығы бар. Қызылордада жалпы 30 астам ұлт құрамы бар, сондықтан да көп ұлтты облыстардың бірі болып саналады. Осы ұлттардың басым көпшілігі кезіндегі саяси жағдайдың әсерінен қоныстанды. Олар түрлі тағдырлар тоғысында келіп мекен еткендер. Достық пен ынтымақтастықтың алтын көпірі сонау қиын-қыстау замандардың өзінде де өз көрінісін жоғалтқан емес. Талай жылдар өте келе бауыр басып өз жерінде қастер тұтқан, өзге ұлт өкілдері қазір татулық пен ынтымақтастықтың белгісіндей тұрғылықты халыққа айналды.

Бірлік-берекеге ұйып, тұтас ел ретінде үлкен асуларды бағындыруына өлшеусіз үлес қосып отырған этно-мәдени ұйымдар өткенге ой жіберіп, алдағы мақсат-міндеттерді айқындады. Бір қуантарлығы, осы жылдар аралығында мемлекеттік тілде сөйлейтін өзге ұлт өкілдерінің саны артты. Қызылорда облысында 11 этномәдени бірлестік бар: грек, еврей, корей, қырғыз, неміс, славян, татар, түрік, өзбек, шешен және «Қазақстандағы орыс қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда өкілдігі. «Славян» қоғамдық-мәдени орталығы, «Қазақстан корейлері ассоциациясы» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалы, татар этномәдени бірлестігі белсенді іс-әрекеттерімен танымал. Олар түрлі қоғамдық маңызы бар шараларды жиі ұйымдастырып отырады: тақырыптық кештер, ардагерлерді құрметтеу, ұрпақтар кездесуі, фестивальдер, конкурстар, мемлекеттік және ұлттық мерекелерді атап өтеді. Олардың жанында халық шығармашылығы ұжымдары, жастар қанаты құрылған, мемлекеттік тілді оқып-үйрену сабақтары жүргізіледі. Олардың тарихи Отандарымен байланысы бар. Республикада 1985 жылдан бастап «Вайнах» шешен ұлттық орталығы жұмыс істейді. Бұл орталықтың облыстық бөлімшесі Қызылорда қаласында орналасқан. Ондағы жексенбілік мектептерде шешен тілі оқытылады.

Этносаралық бірігу — этностарды біріктіретін айтарлықтай икемді процес болып табылады, өйткені, бір жағынан өзіне тән этникалық ерекшелік сақталады, басқа тұстан қарасақ, өзара іс-әрекет арқылы сана сезімнің ортақ белгілері, ортақ мақсаттары қалыптасады. Бүгінгі таңда Қазақстан сияқты көп этносты, көп нәсілді және көп конфессиялы мемлекет үшін осы жол ең ұтымды да болып табылады және тату-тәтті өмір сүріп, қарым-қатынастарына төзімділік сақтаудан асқан ақылды, осы күнге дейін адамдар ойлап таба қойған жоқ. Н.Ә. Назарбаев өзінің «Ғасырлар тоғысында» атты кітабында кеңес империясы қирауының маңызды себептерінің бірі ғылымға негізделіп жасалған тиімді ұлттық саясаттың болмауы деп тура айтқан. Қазақстан халқы Ассамблеясы ел ішіндегі бірлікті сақтауда ерекше рөл атқарады. Елдің ынтымағын сақтауда қазақ халқының бауырмалдық қасиетін, өзге ұлттардың достық ниетін жоғары бағалауымыз керек. Бүгінде Қазақстан халқы Ассамблеясы этностық немесе діни белгісіне қарамастан, Конституциямен кепілдік берілген азаматтық құқықтар мен бостандықтарды толығымен иеленетін және пайдаланатын, әрбір азаматтың этностық ерекшелігін дамытуға мүмкіндік жасалған этносаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей үлгісінің негізгі өзегі. Қазақстандағы әрбір этнос - қоғамның маңызды әрі жарасымды бөлігі, олардың мәдениетін, тілін, дәстүрлерін дамытуға қажетті барлық жағдай жасалған. Полиэтникалық Қазақстан Республикасында этносаралық қарым-қатынастар ерекше көңіл аударуды қажет ететін өзекті мәселелер қатарына жатады. Елімізді мекендейтін барша 140 этнос өкілдерін біріктіретін ортақ тарихи тағдыр, достық, туысқандық бірдейлік қазіргі таңда бір мақсатқа, бір мүддеге, бір болашаққа жетелейтін «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру бағытында күш біріктіруде.

Тарих пәнінің оқытушысы: Джуманова Жанар Әбдіжәлелқызы





7-бет

Жанында жүр жақсы адам...

Қарап отырсақ, бес күндік өмірді әркім өзінің түсініп, өздігінің пайымдайды. Кейбіреулер өзінің бақыты мен бақытсыздығын тағдырға балап жатады. Негізінде, әрбір адам өз өміріне өзі жауапты екенін естен шығармау керек. Біреулер қоғам өзгерді, соған орай адамдар да өзгерді деп жатады. Дегенмен, қоғам орнында тұр, өзгеріп жатқан адамдардың өзі дер едім. Батыс мәдениетіне еліктеушілік біздің болашағымыз, яғни жастарымыздың дөрекіленіп, ұятсызданып, ойсыз әрекет етіп, есепсіз жүріп-тұруға әкеп соғып жатқанын айтпасақ та белгілі. Осы орайда мені «қазақ қызы қандай болу керек?», «қазақ азаматы қандай болу керек?» деген сұрақ мазалайды. Тектілікті бойтұмар еткен қазақ тәрбиесіне бұрындары отбасында ерекше көңіл бөлінген. «Үлкен тұрып, кіші сөйлемес.»,- деп қалыптасқан заманда адам да, адамның ойы да басқаша еді. Ал, қазір адамдардың ниеті де, пиғылы да өзгерген сияқты. Қазіргі жастар өзін ортада қалай ұстау керек, үлкенге қалай құрмет көрсету қажет, адамгершілік қасиеттен ары аттамау, адамдарға жақсылық жасау сияқты өмір заңдылықтарына бағынбай жатады. Әрине, көпке топырақ шашудан аулақпын, бірақ адамның қарнын аштыратын құйтырқы әрекеттерін көргенде еріксіз басыңды шайқайсың. Бүгін басқаша боп жүрген адамын ертесіңе басқаша боп кетіп жатады. Дегенмен, арамызда ақпейілді, мейірімді, жақсы адамдар да жетерлік. Қысқы сессия біткен соң, ауылға бару үшін асыға жетіп автобусқа міндім. Қанша айтқанмен «тесік қалта студент» деген атымыз бар. Кенеттен ауылға да жетіп, вокзалдан түстім. Әрі қарай үйге таксимен бармақшы болып, сумкамнан портмонеменді алмақ болып, қолымды сала бергенім сол сумкамның заманы ашық тұрғанын байқадым. Жүрегім «зу» ете қалды, себебі стипендиямды алып бір теңгесін жұмсамай анамның туған күніне бермекші болған едім. Содан вокзалдағы орындықтардың біріне жайғасып, өзімнің аңғалдыма налып, өз-өзіммен күбірлеп сөйлеп отырғанымда қасыма шашы белінен түскен, көзі бақырайған, ұзын бойлы бір қыз келіп отырды. Шамасы біреуді күтіп отырған болу керек, сағатына қайта-қайта қарайлай берді. Кенеттен менің жабырқаған түрімді көріп, жөн сұраса кетті. Менің бойымдағы бағанағы қуаныш су сепкендей басылып, көңілсіз жауап қайтардым. Анама сыйлық әпермекші едім деп айттым да, даусым дірілдеп сала берді. Әдемі қыздың есімі Айша екен. Ол да кенет үнсіз қалды, қарасам Айшаның көзінен жас тамшылап, жылап отыр екен. Мен дым да түсінбей қалдым. Сасқанымнан «сен де ақшаңды жоғалтып алдың ба?»- депін. Жоқ деп басын шұлғыған қыз миығымен күліп, көз жасын сүртті. Сөйтсем Айшаның анасы жол апатынан екі жыл бұрын қайтыс болған екен. Ақша жоғалса-жақсылықтың нышаны, ал анаңды жоғалтудан артық қасірет жоқ деген кезде жүрегім езіліп кетті. Содан Айша екеуіміз бір-біріміздің нөмерімізді алып, тарқаспақшы болдық. Айша қолымды қысып тұрып, дүкенге кіріп шығуымызды өтінді. Мен келісе кеттім, бірақ қалтамда ақшамның жоқтығы есіме түсіп кетіп, ыңғайсызданған кейіпте оның соңынан ере кеттім. Айша дүкеннен бағасы 8500 теңге тұратын әдемі қол сумкасы мен құтыдағы гүл сатып алып шықты. Сыртқа шыққан соң, қолындағы сыйлығын маған ұсынды да, анаңның туған күнінде ақша жоғалтып алғаныңды айтып көңіл-күйін кетірме, мына сыйлықты сол кісіге сыйла деп күлімсіреп тұрды. Мен алмаймын деп, басымды шұлғыдым. Алмасаң саған ренжімін, сенімен енді хабарласпаймын да деп аузы бұлтиған Айшаның бетінен сүйіп алдым. Осы сәтте өмірде әділетсіздік, мейірімсіздік, екіжүзділік сынды әзәзілдердің бар екенін ұмытқандай болдым. Бейтаныс қамқоршы сұлу қызға алғысымды білдірдім. Сол сәтте ақиық ақын Мұқағалидың:

Бар екен зой, бар екен жақсы адамдар,

Жақсы жоқ деп айтпаңдар, бәтшағарлар!

Ренжісең қайсібір «патшағарларға»,

Күл шашпа кір шалмаған ақша қарларға!-

деген өлең жолдары тіліме еріксіз орала кетті.

Міне, бүгінде Айша екеуіміз доспыз. Жүрегінде иманы бар, жақсы адамдар көп болса, қоғамымыз жат қылықтардан аулақ болар еді.....

Мамутова Гаухар Мухитдинқызы Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы

Заманмен бетпе-бет.

Бүгінде біреулер жүр арып-ашып,
Енді біреу шалқып жүр барын шашып.
Ал кейбіреу кредитін төлей алмай,
Өз арынан өзі жүр әрі қашып.



Ал біреулер мәз бөп жүр тапқанына,
Аз болса да берекесін берсін дейді.
Енді біреу көп айлық алып тұрып,
Кредитпен кетті деп күбірлейді.

Ей, жаратқан бұның да шегі болар,
Кредитсіз жүретін күн де туар.
Бірі бітіп, таусылған шақта бүгін,
Екіншісін алып алар кей адамдар.



Замандастар, есің болса сабыр сақта,
Кредитке жолама, қиын шақта.
Еңбектенген ақшаңның берекесі,
Үнемменен боларын есте сақта.

Ей адамдар, қарыз ол жаман нәрсе,
Сондықтан да сен одан аулақ болғай.
Бірлік пен берекесі болсың десең,
Барыңды үнемдей біл, төгіп-шашпай!



Сабыров Дәулеткерей
ЭК-24

Құттықтаймыз!

Құрметті Жамила Дәкішқызы!

Сізді **8-наурыз** адам өмірінің айтулы белесі-туған күніізбен шын жүректен құттықтаймыз. Біз, Сізді өмірден тоқығаны мол, кемел ойлы тұлға ретінде жақсы білеміз. Өмір жолыңызда еңбексүйгіштік, белсенділік қасиеттеріңізбен ерекшеленіп, рухы биік ізбасарларыңызды тәрбиелеу жолындағы қызметіңізге бас иеміз. Осынау игілікті істе қанатыңыз талмасын, қажыр-қайратыңыз қашанда арта бергей, алда алар асуыңыз әлі де көп болсын, шаңырағыңызда ырыс-ынтымақ арта берсін демекпіз.

Мерекемен қатар келген туған күн,
Құт әкелсін өзіңізге тағы да.
«Абылай хан» ұжымы құттықтайды,
Туған күнмен шын жүректен жарыла!

Ардақты Гүлнар Жақсылыққызы!

Сізді есте қаларлық ерекше күн өте әдемі, әрі мәнді **19-наурыз** туған күніізбен құттықтаймыз! Осындай қиын әрі қызық қызметіңізде қырағылық пен байсалдылық, төзімділік пен шыдамдылық, ырыс пен береке, сәттілік пен қуаныш тілейміз. Әрбір арайлап атқан күн, Сізге шапағатын сыйласын.

Жақсылық пен қуаныштан тасыңыз,
Арта берсін абырой мен даңқыңыз.
Ортамызда күліп-ойнап жүріңіз,
Қуанышты болсын әрбір күнііз!

Құттықтаймыз!

Сұлу да, сымбатты, асыл да, аяулы жан **Әсел Әбдразаққызы**, Сізді **23-наурыз** ұлыс тойымен қатар келген туған күніізбен құттықтаймыз! Жаныңыз нұрға, көңіліз шуаққа, құшағыңыз гүлге толсын. Еңбегіңіз жемісті, өміріңіз жеңісті болсын.

Көктемнің күлімдеген күні болшы,
Өмірдің шешек атқан гүлі болшы.
Қуанышты, көңілді өмір сүріп,
Өмірде ең бақытты жандардың бірі болшы.

Құрметті Эльвира Алтайқызы

Сізді **24 -наурыз** туылған күніізбен құттықтаймыз! Жұмысыңызда абыройыңыз арта берсін, отбасыңызда береке, байлық, ырыс-несібеңіз мол болсын. Мейіздей мейірімді қалпыңызбен арамызда күліп-ойнап жүре беріңіз.

Құтты болсын туған күнің, мерекең,
Арта берсін байлығың мен берекең,
Тілек арнап шын жүректен өзіңе,
Ақ пейілден шумақтатып, жыр етем.

Құрметті Аида Мұхамеджанқызы!

Сізді шұғылалы көктеммен қатар келген **16-наурыз** күнгі туған күніізбен құттықтаймыз. Адамның өміріндегі ең маңызды күнде деніңізге саулық, басыңызға байлық, отыңызға береке мен ырыс-ынтымақ тілейміз. Әрбір арайлап атқан таң мейірім мен шапағатқа толы болып, жұмысыңызда абыройлы болыңыз деп тілек білдіреміз.

18-ге тағы міне толдыңыз,
Арайланып, таң нұрындай жандыңыз.
Қуанышпен қатар келген бұл күнде,
Арта берсін ынтымақ пен даңқыңыз!

Құттықтаймыз!

19-наурыз ардақты әріптесіміз, абзал жан, асыл ана-**Қоспанова Айымкүл Омарқызының** туған күні. Сізді айтулы қуанышты күніізбен шын жүректен құттықтаймыз. Арманның ажарында, бақыттың базарында күліп-ойнап, көпшіліктің алғысы мен құрметіне бөленіңіз. Жас мамандарды тәрбиелеу жолындағы еңбегіңіз жандана берсін. Асулардан асып, қанаттарыңыз талмай, ортамызда ж а д ы р а п ж ү р е б е р і ң і з д е м е к п і з .

Құттықтайды туған күнмен ұжымың,
Арта берсін, ынтымақ пен қызығың.
Шын жүректен жыр арнаған шумақтап,
Қазағымның Гаухар атты қызымын!

Құрметті Нағима апай!

Сізді **29-наурыз** көктемнің көрікті күнінде келген туған күніізбен шын жүректен құттықтаймыз. Әдемі кейіпіңізбен, аналық мейіріміңізбен арамызда жүре беріңіз. Өмір сізге тек тәтті жемістері мен қош иісті гүлдерін сыйға тартсын. Деніңізге саулық, отбасыңызға береке тілейміз.

Гүлдей жайнап, өміріңіз нұрлы болсын,
Қуаныш пен күлкіңіз қатар жүрсін.
Ұлдарыңыз қолыңызды ұзартып,
Немере мен шөбереге үйіңіз толсын.

